


➤ Мерей

Мұғалім болу – кәсіп, ал, нағыз ұстаз болу – жүрек пен парасаттың ісі. Сондықтан халқымыз ұстаз есімін қашанда қастерлеп, оны төрге шығарған. Шәкірттерінің шырағын жағып, жастардың бойына біліммен қатар адамгершілік дәнін сепкен жандар ғана ұрпақ санасында өшпес із қалдырады. Сондай ұлағатты ұстаздардың бірі – ғалым, дизайн саласының кәсіби шебері, ұлттық өнердің шынайы жанашыры, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек БЕЙСЕНБАЕВ.



Өнер мен ғылымды ұштастырған

Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалар аз емес. Солардың ішінде оңтүстік еңірінің өнер саласында айрықша орны бар, шығармашылығы мен өмір жолы көпке үлгі болатын азамат ретінде Садыбек Қалмаханұлы ерекше ітпипатпен атап өтуге болады. Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының және Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, ҚР Дизайнерлер одағы мен ҚР Суретшілер одағының мүшесі Садыбек Бейсенбаев 1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөйдібек ауданы «Бөген» кеңшарының Бестөгей ауылында дүниеге келген.

Ол орта мектепті үздік тәмамдап, 1984-1986 жылдары Отан алдындағы борышын өтеді. Еңбек жолын Шымкент қаласында суретші болып бастап, бала күнінен бойына сіңген өнерге деген сүйіспеншілігін кәсіби жолмен ұштастырды. Бұл алғашқы қадам оның болашақ шығармашылық бағытын айқындаған маңызды көзңдөрдің бірі болды.

1987-1992 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Көркем сурет, графика» факультетінде білім алып, сурет, сызу және еңбек пені мұғалімі атанды. Дәл осы кезең Садыбек Қалмаханұлының шығармашылық және ғылыми жолының берік іргетасына айналды. 1992 жылы өзі бітірген оқу орнының «Сурет» кафедрасына оқытушы болып қабылданып, 1995-1998 жылдары аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. Осы ғылыми ізденіске деген талпынысы ретінде 1998 жылы өнер факультеті деканының орынбасары қызметіне тағайындалса, 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент филиалындағы өнер факультетінің киім дизайны кафедрасын басқарды. 2000 жылы Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары аттестациялық комитетінде қайта аттестациядан өтті.

2004 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың кескіндеме және дизайн кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Ал, 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғап, ғылымдағы биік белесті бағындырды. Кейінгі жылдары университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, ректор кеңесшісі, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. 2019 жылдың желтоқсан айынан бері М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-дың басқарма мүшесі, қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор ретінде жемісті еңбек етіп келеді.

Садыбек Қалмаханұлы – өзінің ғылыми-педагогикалық мектебі қалыптасқан тәжірибелі ұстаз. Ол дизайн және кескіндеме мамандықтарының магис-

транттарына дәріс оқып, зертханалық әрі тәжірибелік сабақтар жүргізеді. Ғалым-ұстаздың 200-ден астам ғылыми және әдістемелік еңбегі жарық көрген. Атап айтқанда, ол 2 монографияның, 5 альбом-монографияның, 5 оқу құралының, 5 кейс пен 6 электрондық кітаптың авторы. Өңір суретшілерінің шығармашылығына арналған өнертанушылық бағыттағы мақалалары мен альбом-монографиялары да бар. Сонымен қатар, «Өнертану», «Арнайы сурет және композиция» атты оқу құралдары арқылы республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды. С.Бейсенбаев 50-ден астам магистрлік және бір кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекшілік етті.

Садыбек Қалмаханұлы оқытушылар мен студенттер арасында ғана емес, Шымкент қаласы мен Түркістан облысының шығармашылық зиялы қауымы арасында да зор беделге ие. Ол ҚР Дизайнерлер одағының Шымкент қалалық филиалын басқарып, ұлттық өнерді насихаттауға бағытталған ауқымды жобаларды жүзеге асырды. 2004 жылы М.Әуезов атындағы университет жанынан алғаш рет «Жетіасар» галереясын ашып, бүгінге дейін онда бірнеше рет жеке және топтық көрме ұйымдастырылды.

Ұстаз-ғалым жас таланттарды қолдауды өмірлік ұстанымына айналдырған. Оның жетекшілігімен студенттер Мәскеу, Санкт-Петербург, Дондағы Ростов, Владивосток, Ташкент қалаларындағы халықаралық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар, университеттің «Байдың балалары» КТК командасы 2016 жылы республикалық өзілкештер сайысында чемпион атанып, 2019 жылы Сочиде өткен «КиВиН-2019» фестиваліне қатысты. Ал, «Мадмуазель» КТК командасы бірнеше республикалық ойындардың жеңімпазы атанды, ал, 2025 жылы екінші орынды иеленді.

Өнер мен білім саласына сіңірген отыз бес жылдық үздіксіз еңбегінің арқасында Садыбек Қалмаханұлы көптеген мемлекеттік және қоғамдық марапаттарға ие болды. Өл ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантымен, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен, Ө.Қастеев атындағы алтын төсбелгімен марапатталып, «Мәдениет саласының үздігі», Бөйдібек ауданының құрметті азаматы атанды. Сондай-ақ, ҚР Президенті мен «АМАНАТ» партиясы төрағасының Алғыс хаттарына ие болды. 2023 жылы М.Әуезов төсбелгісін, 2025 жылы «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін иеленді.

Медеубек ТӘНІРБЕРГЕНОВ,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан ПҒА академигі,
Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі.